

**Денешшынықтыру іс-  
әрекеті бойынша кіші  
топқа арналған қымылды  
оыйндар картотекасы  
/2-3 жас/**



# 1

## *Өз үйінді тап*

**Мақсаты:** түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

**Кәжетті құралдар:** түрлі-түсті дөңгелектер

**Ойын барысы:** Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратып, түстерін атау. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлер жасап өз үйлерін жылдам тауып, тұра қалу.

# 2

## Тышқан мен мысық

**Ойын мақсаты:** балаларды шапшаң әрі шыдамды, үйымшылдыққа үйрету.

**Ойын шарты:** Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады.

Балаларды дөңгелене тұрғызып, ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады. Мысықты тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін, қакпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысықты тышқанды ұсташа үшін шапшандық керек. Мысықты тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.

**Кәжетті құралдар:** мысық пен тышқан бет перделері.

## Тұлкі мен балапандар

3

**Ойын мақсаты:** Шашшандық пен мұқияттылыққа тәрбиелеу

**Ойын шарты:** Бұл ойынға балалар 7-8 дең бөлініп ойнайды. Топ ішінде бір баланы «тұлкі» етіп сайлап, қалған балаларды балапандар деп әрқайсысына бетпердке кигізіп ойын ойналады. Ойында балапандар тұлкі кейіпкеріне ұсталып қалмауы үшін, тәрбиеші көмегімен белгі бойынша ойынды бастап аяқтауы тиіс. Балалар шапшаң кең бөлмені айнала қашуы тиіс.

**Қажетті құралдар:** тұлкі мен балапандар белдерелері.

## Ұйқыдағы аю

4

Бұл ойынға топ балалары 2-ге бөлініп қатысады.

**Ойын шарты:** Топ ішіндегі бір баланы аю бетпердесін кигізіп лорындыққа отырғызып қояды. Балалар орманда серуендең келе жатып, ұйқыдағы аю көреді. Аю болса балалардың шуылышынан (дыбысынан) оянып кетіп, балаларды қуа жөнеледі. Ұстап алған баланы өз мекеніне отырғызуып қояды. Ойын қайта жалғаса берекді.

**Қажетті құралдар:** Аю бетпердесі.

# 5

## Допты қып жет

**Ойын маңсаты:** балаларды шыдамды, сабырлы қалыпта берілген белгіні тыңдауаға, тез жүгіргі, түсетеңін көлемін ажыратада білуге баулу.

**Ойынның шарты:** бұл ойынға 5-6 бала, тәрбиеші басқаруымен қатыса алады. Тәрбиеші доптарды себетке салып алып, балалардың алдына домалатып жібереді. »Допты қып жет» деген белгі бойынша, балалар допты ұстап алып тәрбиеші ұстап тұрған себетке салуы керек.

**Құралдар:** түрлі-түсті, үлкен-кішілі доптар.

# 6

## «Балапандар мен мысық»

**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.

Ойынға түсініктеме:

Балалар тәрбиешімен бірге мысыққа жақындал:

Мыс-мыс-мысығым,

Қандай күшті пысығым.

Пеш үстінде ұйықтайды,

Көзін қатты қыспайды.

Балапанды ұстайды?

Мысық: Мяу! деп балаларды қуа жөнеледі.

## Қояндар мен қасқыр

**Мақсаты:** Балаларды алғырлыққа, қырағылыққа, татулыққа тәрбиелеу. Ептілік қасиеттерін арттыру. Денсаулықтарын шынықтыру.

**Шарты:** Бір бала қасқыр болады, ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығызып жатады, ал қасқыр өзінің апанында жатады. Тәрбиеші:

- Секендендер қояндар,

Жүгіріндер жортындар- деген кезде, қояндар үйлерінен шығып секендей ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қояндарды апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады.

Ойын 2-3 рет ойналады.

## Кеглиді көзде

**Мақсаты:** Балаларды мергендікке, ептілікке, белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету.

**Шарты:** Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглиларды қолдарындағы доппен көздең құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтап отырады. Допты он қолымен, сол қолымен де домалатуға болады.

9

## Допты тордан лақтыр

**Мақсаты:** Допты лақтыра білуге үйрету, топпен жарыса білуді ептілікке шапшандыққа үйрету.

**Шарты:** Құрылған тордың екі жағынан бөлініп тұрады. Арақашықтығы 1-1,5 метр болуы керек. Балалар тор арқылы бір-біріне допты лақтырады. Допты жерге түсірмей қағып алып отыру керек. Тәрбиеші жерге түскен допты санап отырады. Қай топта доп көп жерге түсе сол топ женіледі.

## Доптар мектебі

10

**Мақсаты:** Доппен ойнаудың түрлерін үйрету, екі қолмен қағып алу, қабырғаға ұру, жерге ұрып қағып алу сияқты т.б. түрлерін ойнай білу. Ептілікке тәрбиелеу.

**Шарты:** Балалар тәрбиешінің көрсеткен жаттығуларын орындайды.

1. Допты жоғары лақтырып екі қолмен қағып алу.
2. Допты жерге соғып екі қолмен ұстап алу.
3. Допты жерге соғып шапалақты соғып екі қолмен ұстап алу.
4. Қабырғаға допты соғып екі қолмен қағып алу.
5. Допты қабырғаға соғып ұстап алып, жерге соғып қағып алу.

**11**

**Ойын аты:** «Арқан тарту»

**Мақсаты:** Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа, шымырлыққа тәрбиелеу.

**Міндеті:** Ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру.

**Ойының барысы:** Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады. Арқаның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ арқанды өз жағына тартып, алып, кетсе сол топ женіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екінші баланы құлатса, құламаған бала женіске жетед.

**Көрнекі құралдар:** Арқан

**12**

**Ойын аты:** «Орамал тастамақ»

**Мақсаты:** Балалардың сезіну қабілеттерін, байқампаздығын дамыту

**Міндеті:** Балалар шеңбер жасап тұрады, ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру.

**Ойының барысы:** Тәрбиеші балаларды айнала жүріп бір баланың артына орамал тастап кетеді. Артына орамалды тастағанын сезген бала мениң артымда деп жауап береді. Артына орамалдың тасталғанын сезбесе ол өлең, тақпақ айтып немесе билеп беруі керек. Балалар шеңбер бойында көздерін жұмып тұруы керек. Ойын осылай жалғаса береді.

**Көрнекі құралдар:** Орамал

**13**

**Ойын аты:** «Ақсерек –көксерек»

**Мақсаты:** Балалардың жылдамдық және шымырлық қабілетін арттыру

**Міндеті:** Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам., ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру.

**Ойының барысы:** 1-ші топ. Ойынды бастайды: Ақсерек-ау ақ серек Бізден сізге кім керек. 2-ші топ. Ақсерек –ау ақ серек Сізден бізге (бала аты) керек. Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді

**14**

**Ойын аты:** «Сақина жасыру»

**Мақсаты:** Баланың зейінің тапқырлығын дамыту.

**Міндеті:** Ойын ережесін түсініп ойнауын және ойын ережесінің бұзылмауын ескеру.

**Ойының барысы:** Ойынды өткізу什і және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің ұстіне алақандарын жаяды. Бастаушы жабулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен – «Сақина кімде»-деп сұрайды. Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады. Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді.

**Көрнекі құралдар:** Сақина

# 15

Ұшты-ұшты.

**Мақсаты:** Балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелейді.

**Ойын барысы:** Ойын бастаушы ұша алатын затты атап, ұшты деп қолын көтереді, сонда бәрі тез қолдарын көтеріп ұшты-ұшты деп қолдарын көтеріп қалықтап тұрады. Ал ұшалмайтын затты атап «ұшты» деп қолды көтергенде, онда сендер «ұшпайсындар». Ал егер ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» ойнаушы айып тартады.

Ақ қоян.

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

**Ойын барысы:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада «қоян» болып отырады.

Шеңбердегі балалар қол ұстасып, қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.

Әй-әй көйлек киші,

Біреудің қолын ұзші,-дегенде, қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп, өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Үзілген жердің оң жағындағы бала «қоян» болады.

# 16

**17**

**Тауық күрес.**

Балалар екі топқа бөлінеді. Осы екі топтан екі бала шығып, кәдімгідей күреседі. Оның ең қызығыда, басқаша күрестен айырмасы да – тек жалғыз аяғымен ақсандай жүріп, иықтарын қағып күресуінде. Бұл күрес балалардың нық басып, орнықты жүруін жетілдіреді. Күрестің 1 аяғын тізесін бұгіп, матада белбеуін байлап тастайды. Қайсысы сүрініп жығылса, сол ұтылады.

**18**

**Менің зымыраған көңілді добым.**

Ойнаушы балалар тобы (5-6 адам) жартылай дөңгелек құрып, тәрбиешінің жаңында тұрады. Допты бейнелейтін бір бала орнында тұрып секіреді, ал тәрбиеші алақанын оның басына қойып, мынадай өлең айтады.

Көңілді добым, о, менің,  
Домалап қайда жөнелдің?  
Қызыл, сары, көгілдір,  
Жел аяқсың-ау өзің бір!

Бұдан кейін доп қашып кетеді, тәрбиеші балалармен бірге оны ұстайды. Ойын жаңа доппен қайта басталады. Балалар ойынды әбден үйреніп игергенде, бәріне де доп сияқты секіруді ұсынуға болады